

Жұмыстарды орындаушыны белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 маусымдағы № 356 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 34) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 маусымдағы № 2224 тапсырмасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. "Arabtec Consolidated Contractors Limited" компаниясы (Біріккен Араб Әмірліктері, Дубай қаласы) Астана қаласында Желілік саябақтың (Жасыл эспланаданың) құрылысы бойынша жұмыстарды орындаушы болып белгіленсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев